

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

Хуанбек Ұлбосын Хуанбекқызы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы

Сүт қышқылды өнімдерін өндіру кезінде өсімдік компоненттерін
қолдануын зерттеу


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Биотехнология кафедра меңгерушісі

PhD профессор

З.К. Туйебахова

«06» 05 2019ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Сүт қышқылды өнімдерін өндіру кезінде өсімдік компоненттерін
қолдануын зерттеу

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы бойынша

Орындаған

Хуанбек Ұлбосын

Ғылыми жетекші

биол. ғыл.д-ы, профессор

Анапияев Б.Б.

«06» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

5B070100 - Биотехнология



БЕКІТЕМІН

Биотехнология кафедрасы менгерушісі

PhD, профессор

З.К. Туйебахова

« 06 » Маусым 2019ж.

Дипломдық жұмысты даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Хуанбек Ұлбосын Хуанбекқызына берілді

Жұмыстың тақырыбы: «Сүт қышқылды өнімдерін өндіру кезінде өсімдік компоненттерін қолдануын зерттеу»

Университет басшысының №1163-б «16» қазан 2018жылғы бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмысты өткізу мерзімі 26.04.2019

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері Диплом алды өнеркәсіптік практикадан алынған материалдар.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Сүт қышқылды өнімдерді өндіру мен оған қосылатын өсімдік компоненттерімен толықтай танысу.

ә) Сүт өнімінің өндірісінде қатысатын процестер мен аппараттарды қолданып, талаптарға сәйкес құнды өнім алу биотехнологиясын зерттеу.

б) Сүт өнімінің өндірісінде шырғанақ пен йогурттың өзара консистенциясы мен органолептикалық қасиеттерін зерттеу.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 20 атау

Дипломдық жұмысты дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебитке шолу	Қаңтар	
Зерттеу нәтижелері	Ақпан	

Аяқталған дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің
және норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Әдеби шолу	Ғылыми жетекші биол. ғыл д-ры, профессор Анапияев.Б.Б	06.05.2019	
Зерттеу объектісі және әдісі			
Зерттеу нәтижелері			
Норма бақылаушы	Ғылыми магистр, Тұрғымбаева.Қ.Қ	06.05.2019	

Ғылыми жетекшісі  Анапияев Б.Б.
(қолы)

Тапсырманы орындауға білім алушы  Хуанбек Ұ.Х.
(қолы)

Күні «06» маусым 2019 ж.

АҢДАТПА

Жұмыс 39 беттен, 12 кестеден, 5 суреттен тұрады, 20 әдебиеттен тұрады.

Сүт қышқылды өнімдерді өндіру бұрыннан келе жатқан дәстүрлі технология болып саналады. Қоршаған ортаның ластануы мен адамға тигізетін кері әсерінің нәтижесінде тағамдық құндылықтар төмендеуде. Технологиялардың дамуы арқылы сүт қышқылды өнімдерге табиғи өсімдік компоненттері есебінен биологиялық байыту жолдары бойынша зерттеу, қарастыру.

Сүт қышқылды өнімдердің ішінде көп қолданыстағы өнім ретінде йогурт қарастырылды. Йогурттың жасалу технологиясы мен нарықтағы экономикалық жағдайлары байланысты жаңа биологиялық байытылған түрін өндіру тиімді екенділігі анықталды.

Йогурт өндірісінің негізгі екі технологиясы бойынша қарастырылды, яғни термостатты және резервуарлы. Көп тоннажды өндіріс үшін резервуарлы әдіс қолайлы, ал термостатты өзіндік қиыншылықтары мен кемшіліктері бар әдіс ретінде есептелінді. Қосымша биологиялық байыту есебіндегі өсімдік компоненті ретінде шырғанақ (облепиха) қолданылды, арнайы консервіленген түрінде қолдану өндірісті маусымдық өнім ретінде ғана өндірудің алдын алды.

Сүт қышқылды өнімдерді өндіру кезінде өсімдік компоненттің қосу инновациялық технологияларды одан сайын дамыту мен адам организміне қажетті компоненттермен қамтамасыз ету, шырғанақ өсімдігінің құрамының дәрумендер мен макро және микро элементтерге құндылығы организмнің балансын сақтау мен терапиялық ем есебінен пайдаланулар үшін өндірістік сатыда өндіру жүргізілуі тиісті.

АННОТАЦИЯ

Производства кисломолочных продуктов является традиционной уже давно. В результате загрязнения окружающей среды и негативного воздействия на человека снижается пищевая ценность. Изучение, рассмотрение путей биологического обогащения кисломолочных продуктов за счет природных растительных компонентов посредством развития технологий.

Из молочнокислых продуктов в качестве большого количества действующего продукта рассматривался йогурт. В связи с технологией изготовления йогурта и экономическими условиями на рынке была определена эффективность производства нового биологически обогащенного вида.

Рассмотрены по двум основным технологиям производства йогурта, то есть термостатным и резервуарным. Для многотоннажного производства резервуарный метод считается приемлемым, а термостат рассчитан как метод с собственными трудностями и недостатками. В качестве растительного компонента в учете дополнительного биологического обогащения использовалась облепиха, применения в специально консервированном виде предоставило производства только в качестве сезонного продукта.

Добавление растительных компонентов при производстве кисломолочных продуктов должно производиться на производственной стадии для дальнейшего развития инновационных технологий и обеспечения организма человека необходимыми компонентами, использования витаминов и макро, микроэлементов в составе облепиховой растительности за счет сохранения баланса организма и использования за счет терапевтического лечения.

Работа состоит из 39 страниц, 12 таблиц, 5 рисунков, 20 использованной литературы.

ANNOTATION

The work consists of 39 pages, 12 tables, 5 figures, 20 references.

The production of dairy products has been traditional for a long time. As a result of environmental pollution and negative impact on human nutrition value is reduced. Study, consideration of ways of biological enrichment of dairy products at the expense of natural plant components through the development of technologies.

From lactic acid products as a large number of active product was considered yogurt. In connection with the technology of yogurt production and economic conditions in the market, the efficiency of the production of a new biologically enriched species was determined.

Considered two main technologies for the production of yogurt, that is, thermostat and reservoir. For multi-tonnage production tank method is considered acceptable, and the thermostat is designed as a method with its own difficulties and disadvantages. As a plant component in the account of additional biological enrichment sea buckthorn was used, applications in a specially preserved form prevented production only as a seasonal product.

The addition of plant components in the production of dairy products should be made at the production stage for the further development of innovative technologies and provide the human body with the necessary components, the use of vitamins and macro, microelements in the sea buckthorn vegetation by maintaining the balance of the body and use through therapeutic treatment.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Әдебиетке шолу	10
1.1	Сүт қышқылды өнімдерді өндіруде жалпы теориялық сипаттама	10
1.2	Өсімдік компоненттерін қосу арқылы алынған сүт қышқылды өнімдерге жалпы теориялық сипаттама	15
2	Зерттеу объектісі және материалдар	22
2.1	Тәжірибелік жұмыстары жүргізілген мекемеге жалпы шолу	22
2.2	Зерттеу материалдары	22
3	Зерттеу нәтижелері	24
3.1	Сүт қышқылды өнімдерді өндірудегі қолданылатын өнеркәсіптік технологиялар	24
3.2	Сүт қышқылды өнімдерді өндірудегі өнеркәсіптік технологияларға қажетті шикізаттары мен компоненттері	25
3.3	Сүт қышқылды өнімдерді өндіру кезінде өсімдік компоненттерін қолдану технологиясы	28
3.4	Өсімдік компоненттерін қосу кезіндегі қойылатын талаптар мен қондырғылар	33
3.5	Өсімдік компоненттерін қосу арқылы алынған сүт қышқылды өнімді сақтау мен тасымалдау	35
	Қорытынды	37
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	38

КІРІСПЕ

Өзектілігі: Сүт қышқыл өнімдер қазіргі уақытта сауда орталықтарында, түрлі зауыттардың сүт өнімдері көптеп кездеседі. Ал олардың ішінен қажетті дәрежеде сапалы, адам денсаулығына керекті дәрумендер көзіне бай өнімді бірден кезіктіру мүмкін емес. Қазірге экологиялық жағдайларға байланысты сүт қышқылды өнімдерді өндіру кезінде сүт өнімдеріне өсімдік компоненттерін қосу арқылы жеткіліксіз болып жатқан элементтермен байытылады. Сол арқылы құнарлы сүт қышқылды өнімдерді алуды, оларды зерттеу өзекті болып отыр.

Максаты: Сүт қышқылды өнімдерді өндіру барсындағы тиімді өсімдік компонентін қосу арқылы нарықтық сұраныстағы, әрі адам денсаулығына оңтайлы өнім өндіру биотехнологиясын зерттеу.

Міндеттері:

1. Сүт қышқылды өнімдерді өндіру мен оған қосылатын өсімдік компоненттерімен толықтай танысу.
2. Сүт өнімінің өндірісінде қатысатын процестер мен аппараттарды қолданып, талаптарға сәйкес құнды өнім алу биотехнологиясын зерттеу.
3. Сүт өнімінің өндірісінде шырғанақ пен йогурттың өзара консистенциясы мен органолептикалық қасиеттерін зерттеу.

Ауыл шаруашылығының дамуы экономикалық алауқаттың өзгерісіне де тікелей әсер етеді. Ауыл шаруашылығына айрықша көңіл бөлінеді, тек қана ірі қараның санына ғана емес, сондай-ақ олардан алынатын өнімдердің түрі мен сапасына да.

Сүт құрамы жағынан көптеген күрделі қосылысты, қоректік, имундық, бактериоцидтік қасиеттері бар байланыстық жүйе. Өртүрлі жануарлардың сүттері құрамы жағынан да әралуан болып келеді. Адам қоректенуі үшін сүтті тікелей де, өндірістік өзгертулер арқылы да жоғары диеталық қасиеті бар сүт өнімдері ретінде де қолданылады. Өсімдіктерден және малдан алынатын басқа өнімдермен біріге, сүт тағамының биологиялық құндылығын арттырады. Себебі сүт өнімін пайдаланғанда организмге түсетін қоректік заттардың жалпы көлемі артып қана қоймай, сондай-ақ ақуызбен, маймен, көмірсулармен, минералды тұздар мен дәрумендермен біріге отырып, оларды адам организміне тез сіңуіне қолайлы жағдайларды туғызады.

Бүгінгі ғылымның дамуы кезінде сүтқышқылды өнімдерді өндірудің жаңа технологиялары күн санап дамып отыр. Жаңа инновациялық технологиялар бойынша сүтқышқылды өнімдердің биологиялық құндылықтарын арттыру барысында түрлі өсімдік компоненттерін, биокоспаларды қолдану арқылы негізгі мәселелерді қарастырып отыр.

1 Әдебиетке шолу

1.1 Сүт қышқылды өнімдерді өндіруге жалпы теориялық сипаттама

Мемлекеттің дамуы туралы Республикалық бағдарламаның өзекті мәселелерінің бірі тағам өндірісі. Соған байланысты мемлекетіміздің ДСҰ мүшелігіне кіруде тікелей әсер етуде.

Бұл – ауыл шаруашылығының соның ішінде сүт шаруашылығының дамуының айқын жолы. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда азық–түлік мәселесін шешу үшін инновациялық технологиялардың табыстарын кеңінен қолдана отырып, еңбек өтімділігі мен өнімділігін арттыру, сүт өндірісінің бағынын бір қарқынға қою, жаңа технологияларды құрастырып, оларды сүт өнеркәсібінде дұрыс, әрі ұтымды қолдану. Сүт өндірісін жан–жақты индустрияландыру қажет.

Сүт шаруашылығын өркендетуде оны барынша дұрыс ұйымдастыру мен орналастырудың маңызы зор. Алайда, бұндай мәселелерді шешуде мемлекетіміздің тарапынан кемшіліктер орын алып тұрады. Мәселен, арнайы емдік, тағамдық, профилактикалық тамақтануға арналған сүт өнімдерін және балаларға арналған сүт өнімдерін шығаратын зауыттардың аздығы мен кейбір өңірлерде тіпті жоқтығы, көңіл бөлетін елеулі мәселе болып есептеледі. Осыған байланысты мемлекетте халықтың денсаулығының нашарлағандығы жайлы идеологиялық концепсияларды туғызады [1].

ААҰ/ДДҰ мәліметтері бойынша, әлемде күн сайын халық саны көбейіп жатқандығын мәлімдейді. Бірақта, халықтар арасындағы ақуалға байланысты, тағамдық ақуыздардың жеткіліксіздігі, аминқышқылдарының жетіспеушілігі 8–11 млн тоннаға жетіп отыр дейді. Тәулігіне ақуыздардың жетіспеушілігі мемлекетімізді 30 % - ға жуық мөлшерді құрап отыр, оның ішінде жануар ақуызына. Жануарлар шикізатының аздығы ұзақ жылдар бойы ақуыздың жетіспеушілігін туғызып келеді [2].

Халықтың дұрыс тамақтанбауы мен экологиялық ластану көздерінің көбеюі емізулі нәрестелердің және олардың аналарының денсаулығына үлкен әсерін тигізеді.

Сүт – сүт қоректілердің сүт безінен бөлінген биологиялық сұйықтық. Сүт судан және құрғақ қалдықтардан тұрады. Құрғақ қалдықтардың негізгі бөлігін сүт майы, ақуыз, сүт қанты және тұздар құрайды. Бұдан басқа құрғақ қалдықтарға фосфатидтер, стериндер, басқа азотты заттар, дәрумендер, ферменттер мен гормондар бар.

Көптеген мемлекеттерде тамақтануды медициналық–биологиялық тұрғысынан қарастырып, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі кезде көп компонентті, балансталған, рационалды тамақтанудың теориялық және практикалық зерттелген отандық, сондай-ақ шетелдік жобалар мен зерттеулер бар.

Бұл Қазақстандағы экологиялық облыстарда тұратын халықтың денсаулығына пайдалы, диеталық, тағамдық тамақтануға арналған сүт және сүт өнімдерін өндіруге бағыттайды. Осыған орай көп жылдық тарихы бар сүт өнімдеріне де қызығушылықтар мен зерттеулер туындайды.

Қазіргі кезде сүт шаруашылықтары еліміздің барлық аймақтарында бар, бірақта өңірдің табиғи жағдайларына байланысты мамандануы мен шоғырлану дәрежесі әрқалай келеді. Сүт пен етке арналған малдың 60 % далалық және жартылай далалық аймақтарға шоғырланған, тек етті ірі қараның басым көпшілігі шөлейтті аймақта.

Қазіргі уақытта сауын малының саны да, әр сиырдан алынатын сүт мөлшері де жеткіліксіз. Сол себепті де дайындалған сүт жан басына шаққандағы есеп көлемі бойынша нормадан төмен келеді.

Сүт өнімдерін өндіруде жоғары молекулалы май қышқылдары сары майдың құрамында көп болған жағдайда майдың консистенциясы қатты, ал кері жағдайда май консистенциясы бойына жұмсақ болады. Сары майдың жұмсақ немесе қатты консистенцияда келуіне жемшөптің тікелей әсері болады.

Сүт өнеркәсібінде дұрыс ұйымдастыру мен орналастыру үлкен орын алады. Оны жүзеге асыру жер—су жағдайларына, жем-шөптің жеткіліктілігі мен табиғи ерекшеліктері, айырмашылықтарына тиесілі. Дұрыс орналастырған кезде ғана еңбек пен ресурсты аз шығындап, көп табыс алуға болады.

Сүт шаруашылығында техникамен жабдықтау мен жарықтандыру арқылы қарқынды дамуды жүзеге асыруға болады. Сүт зауыттарында механикаландыру жоғары болған сайын, өнімнің құндылығы да арта түсетіні айдан анық.

Өнімнің сапасы мен шығымдылығы сүт құрамындағы компоненттерге ғана емес, оған қоса физикалы—химиялық, технологиялық қасиеттеріне, әртүрлі факторларға тәуелді келеді.

Өнімнің сапасы сол өнімдерді алатын шикізат — сүтке, мал тұқымына, сауу мерзіміне, жемшөпке, жыл мезгіліне және т.б. сыртқы факторларға байланысты. Республикамыздың көптеген лабораториялық зерттеулері бойынша сүт сапасы сауу мезгілі мен жайылымға байланысты өзгеріп отырады.

Сүт сапасы тек қана сүттің химиялық құрамына ғана емес, сонымен бірге оның сауу әдісіне де байланысты. Мәселен, қолмен сауылған сүттің құрамында орташа есеппен 21 мың бактерия болса, арнайы аппаратпен сауылған сүтте 10 мыңға жуық бактериялар кездеседі. Егерде сүттің тазалығы сақталған жағдайда болса, онда сапа да артады.

Сүт сапасы оны сақтауға, тасуға және де сатуға байланысты болып келеді. Кейбір кездері зауыттарда ластанған сүттерде түсіп отыратын кездер болып тұрады. Қышқылдылығы мол сүттер зауыттар үшін қолайсыз, зиян болып табылады.

Республикамыздың көптеген шаруашылықтарында сүттің сапасыздығы оның бағасы арзандатып, салмағында азайтып тастайды.

Сүт өнеркәсібінің жоспарлау мен ынталандырудың жаңа жүйесіне көшуі барысында өнімнің сапа проблемасы да өзгеріп отырады. Өйткені

тұтынушылардың талаптары мен тілегіне қарай жоғары сапалы өнімдер сауда сөрелерінде ұзақ тұрмастан, тез сатылып кетеді.

Өнімнің сапасын жақсарту материалды, еңбекті және қаржыны үнемдеуге әкеледі. Бұл жағдайда өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоғары сапалы сүт консервілерінен, ірімшіктен, сары майдан, шикі қаймақтан алынбаған сүт өнімдерінен қосымша пайда түседі. Ал олар үшін сүттің құрамы мен сапасы маңызды рөл атқарады.

Сүт құрамындағы белоктары – казеин, альбумин, глобулиндерге құнды келеді. Олардың құрамында мал мен адам организміне қалыпты циклді атқару үшін қажетті барлық заттар кездеседі, тіпті аминқышқылдары да. Сүтте казеин коллоидты күйінде, глобулин мен альбумин ерітінді күйде болады. Сүттің ақуызды молекулалары тірі организмдерде ұлпа құруға да жарамды келеді.

Минералды заттар сүтте органикалық тұз және органикалық емес қышқылдар ретінде кездеседі. Сүттің құрамында кальций, фосфор, калий, натрий, йод және т.б. металдар мен металлоидтардың шашырандылар бар. Сүтте минералдық заттар организмнің өсуіне қолайлы жағдай жасайтын қажетті мөлшерде қосынды ретінде болады.

Сүттегі хлоридтер организмде қан, протоплазма, бұлшықет элементтерін және басқа ұлпаларды құруға; кальций мен фосфор сүйек ұлпасына қатысады.

Сүт құрамындағы энзимдер немесе ферменттер зат алмасу реакциясын іс жүзіндегі катализаторы болып табылады. Каталикалық активтілігіне тән құрамында простетикалық топ немесе комплексті байланысқан металдар бар жәй ақуыздар және протеидтер тәріздес. Ферменттер сүтте оның құралуы мен сауылуы кезіндегі процес ретінде болады [5].

Жаңа сауылған сүттің қышқылдығы 15–17 Т болады. Ол ақуыз және тұзды бөліктер секілді сілтілі және қышқылды молекула топтарымен қатынасты қамтамасыз етеді.

Сүт тығыздығы 1,027 – ден 1,032 – ге дейінгі аралықта ауытқиды және майлы бөлікті құрғақ майсыз қалдықпен байланыстыруға септігін тигізеді. Орташа есептегі тығыздық 0,93 болып табылады. Сүттің тығыздығы мен құндылығы мал түріне де, асыл тұқымдылығына да тікелей байланысты. 1–кестеде салыстырмалы түрдегі пайыздық мөлшері көрсетілген, 2–кестеде тұқымдарына қарай сүт құрамы көрсетілген.

1 Кесте - Мал түліктері сүтінің химиялық құрамы, %

Сүт түрі	Құрғақ қалдық	Май	Жалпы ақуыз мөлшері	Сүт қанты	Минералды заттар
Бие сүті	11,25	1,62	2,6	6,76	0,30
Ешкі сүті	16,2	5,40	4,75	5,06	0,85
Сиыр сүті	12,5	3,8	3,3	4,8	0,70
Түйе сүті	13,6	4,5	3,6	5,10	0,7

2 Кесте - Сиыр тұқымы бойынша сүттің құрамы, %

Сиыр тұқымы	Құрғақ зат	Майлылығы	Ақуыз мөлшері
Алатау	12,5	3,82	3,35
Әулиеата	12,1	3,9	3,4
Қырдың қызыл сиыры	11,3	3,65	3,3
Бурыл сиыр	11,2	4,01	3,56
Симменталь	12,7	3,87	3,24

Әлемнің көптеген елдерінде сүтті бағыттағы ірі қара шаруашылығы сиырлардың сүт өнімділігін жоғарылату бір мезгілде сиырлардың мал асы санын қысқартумен қатар дамуда. Мал шаруашылығы жоғары деңгейде дамыған көптеген елдерде сиырлардың жылдық сүттілігі 7000 кг –нан асып жығылады, ал Израильде көрсеткіш 11000 кг –нан жоғары тұр. Сиырлардың сүт өнімділіктерін арттырудың негізгі шарттарының арасында, азықтандыру жағдайларын жақсартумен қатар, ұрықтандыру кезеңінде де асыл тұқымдылық маңызды.

Қазіргі уақытта ірі қара мал шаруашылығының негізгі мәселесінің бірі генетикалық ресурстарын барысынша пайдалану. Өйткені мал шаруашылығының бұл бағыттағы өнімділік көрсеткіштерін жоғарылату негізі тұқымға байланысы, тек одан кейін ғана аймаққа. Өнімділіктің аз дегенде 25 % деңгейіне генетикалық даралығы маңызды [6].

Сүт өнімдерінің ішінде сүт қышқылды өнімдердің адам ағзасына тигізер емдік қасиеттері мол болып есептеледі. Оған дәлел ретінде осы уақытқа дейінгі Италия мен Грекиядағы ешкі сүтінен дайындалған сүт қышқылды өнімдерді жатқызсақ болады [7].

Сүт қышқылды сусындардың диеталық қасиеттері сүт қышқылы, көміртек оксиді, спирт, бактериялардың синтезі жүретін ұйыту кезеңіне байланысты. Сүт қышқылды және де спирттік ашу кезіндегі сүт қышқылды сусындарда дәрумен мөлшері жоғарылайды. Тағам ретінде күнделікті пайдалану нәтижесінде жүйке жүйесі күшейеді.

XIX ғасырдың аяғына қарай медицинада сүт қышқылды өнімдердің организмге әсерін зерттей бастаған болатын. Алғашқыларының бірі болып сүт қышқылды өнімдердің құрамына қосылатын болгар таяқшасы болған.

Айран және де т.б. сүт қышқылды өнімдері сияқты ішек микрофлорасына оң әсері бар, зат алмасу процесін жүргізуге қатысады. Құрамдарының күрделілігі патогендік флораларды тежеп отырады. Оның емдік қасиеттері бактериоцидтік қабілеттілігіне байланысты. Оған қоса айран жалпы иммуностимулдеуші, сергіткіш және жеңіл несеп айдағыш қабілеттерге ие. Лактозаны көтере алмайтын организмдер үшін өте пайдалы, өйткені сүт қышқылды өнімдер катализатор қызметінде болып, лактозаны оңай сіңіру процесіне қатысады [8].

Лактозаның ашуына негізделіп алынған сүт өнімдері сүтқышқылды өнімдер деп атайды. Ашу сипаты бойынша оларды екіге жіктеп қарастырамыз. Бірінші тобына сүтқышқылды ашу негізіне жасалынған өнімдер, ал оларға йогурт, ацидофильді өнімдер, сүзбе және де қаймақты жатқызамыз. Екінші

тобына сүтқышқылды ашу мен спирттік ашу негізінде алынған өнімдер кіреді, оларға негізінен сүтқышқылды сусындар жатады [9].

Барлық сүтқышқылды өнімдер екі әдіспен өндіріледі. Олар :

1. Термостатты;
2. Резервуарлы.

Екі әдістің өзара салыстырмалы түрдегі артықшылығы мен кемшілігін 3–кестеден байқауға болады.

3 Кесте – Термостатты және резервуарлы өндіру әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері

Өңдеу әдістері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Термостатты	Жоғары консистенциялы өнім түзілуі	Өндірісті жүргізу үшін арнайы термостаттың қажеттілігі;
		Өнімнің таза құндылығының тым жоғарылығы
Резервуарлы	Өнім өндіру процесі толықтай механикаландырылған	Қоймалжыңдылығы бұзылған өнім алынуы
	Өнімділік көлемінің үлкенділігі	Гомогенизация процесінің міндетті түрде қажеттілігі
	Еңбек өнімділігі 33 % өсуіне байланысты таза құндылықтың төмендеуі	Қоймалжыңдылықты реттеу үшін мембраналы сораптау жүргізілуі
	Қосымша камералардың қажеттілігі	Мұқиятты түрде ұйытуды жүргізу

Сүтқышқылды ашу барысында алынған өнімдер тікелей қолданысқа және де қайта өңдеу арқылы өсімдік компоненттерінің есебінен жаңа сүтқышқылды өнім түсіледі.

Өсімдік компоненттерімен байытылған сүтқышқылды өнімнің жалпылама биотехнологиялық схемасына келесі амалдарды жатқызамыз:

- Шикізатты қабылдау және дайындау;
- Жылыту және сепарациялау;
- Сүтті қалпына келтіру және қоспаны дайындау;
- Ашыту және қоспаны ашыту процесі;
- Қою ұйындыны және сарысуды бөлу;
- Өнімді салқындату және алдын ала дайындалған өсімдік компонентін қосу;
- Араластыру;
- Орау және таңбалау;
- Сактау;
- Өнімді жүзеге асыру, қолдану.

Жоғарыда айтылған биотехнологиялық қадамдар барлық сүтқышқылды өнімдер үшін біркелкі емес. Әрбір өнім үшін өзіндік ерекшеліктер мен

айырмашылықтар бар, себебі ақырғы өнім мен қосылмақ болған өсімдік компонентті өзара үйлесімділікке ұшырамауы да әбден мүмкін келеді, ал оның аяғы зиянды өнімге дейін алып барады.

Сүтқышқылды өнімдер өндірісінде күрделі биохимиялық процестермен жүргізіледі. Сүтке немесе кілегейлерге қосылатын микроорганизмдер сүт қантының ашуына әсер етеді. Соның салдарынан сүтқышқылынан өзге сірке, спирт, пропион қышқылдарының түзілісіне де алып келеді [10].

Сүт қышқылды өнімдер үшін түзетін гомоферментативтік микроағзалар, мәселен, сүтқышқылды стрептококкалар, сүтқышқылды таяқша, болгар таяқшалары өздеріне тән аромат түзуші микроағзалардың қатысуымен жүреді.

1.2 Өсімдік компоненттерін қосу арқылы алынған сүт қышқылды өнімдерге жалпы теориялық сипаттама

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың дамуының нәтижесінде өнімдердің биологиялық және тағамдық құндылығын арттыру мақсатында дәстүрлі емес шикізаттарды қосымша қоспа ретінде қолдануға негізделген жаңа әдістер пайда болуда.

Адамның салауатты өмір салтына деген ұмтылысы қарқын алып келеді. Жасына қарамастан, адамдар жақсы формада және жұмысқа қабілетті болып қалғысы келеді. Осылайша, денсаулықты жақсартатын жаңа қасиеттері бар тамақ өнімдерін пайдалануға бағытталған жаңа тұжырымдама қалыптасты. Жаңа жолдың атауы - функционалдық тамақтану. Функционалдық тамақтану ағзаның нақты функциялары мен биохимиялық реакцияларын қалыпқа келтіруге және реттеуге қабілетті табиғи текті өнімдерді тұрақты пайдалануды білдіреді.

Қышқыл сүт өнімдері бар өсімдік қоспаларының басты артықшылығы - олар тірі өнімдер. Олардың құрамында ашыған сүт және бифидобактериялар бар, олар ауру тудыратын және шіріген микроорганизмдердің өсуі мен дамуын басады [11].

Адам өмірі үшін маңызды минералды заттар мен дәрумендер, олар арқылы адам организмiне қажеттілік қамтамасыз етіп отырылады. Ал минералды заттар мен дәрумендер өсімдіктерде үлкен қор болып келеді. Өсімдіктің құрамы көптеген пайдалы, құнды заттармен байытылған.

Сүтқышқылды сусындарға өсімдік қоспасын қосу арқылы өнімнің құндылығын, биологиялық құнды заттармен, органикалық қышқылдармен және де минералды заттарды қосу арқылы байытуға, арттыруға болады. Сонымен қатар сүтқышқылды өнімдерге қосылған қосымша өсімдіктер ерекше дәм мен иістік ерекшеліктерді береді. Өнімнің органолептикалық көрсеткішін жоғарылатумен қатар өсімдік қоспаларын пребиотикалық қасиеттерін арттыруға да қолданады, сол арқылы экологиялық ластанған аймақ тұрғындарына қолдануға тиімділігін арттырады.

Тағамдық рационға ақуыздардың, дәрумендердің, азықтық талшықтарды, макро және микро нутриенттердің жетіспеушілігі қауіпті аурулардың кеңінен

таралуына әсер етеді. Сондықтан қазіргі уақытты сүт және сүтқышқылды өнімдердің биологиялық құндылығын байыту, органолептикалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында өсімдік қоспаларын қосу кеңінен қолданылуда.

Ішкі нарықта бәсекеге қабілетті өсімдік қоспалары бар айранның жаңа түрлерін өндіру технологиясы әзірленді. Олар асқазан-ішек жолының микробтық флорасының құрамына оң әсер ету арқылы ағзаның жалпы жағдайын жақсартатын, функционалдық тамақтануға арналған Халықтың барлық жас топтарына арналған.

Жалпы шикізаты сүттен тұратын өнімдерге жеміс–жидек, өсімдік қоспалары қосылып жасалынған өнімдердің сапалық қасиеттері жоғары, иісі мен дәмі бойынша да айрықша келеді.

Емдік қасиеттерін арттыру үшін қышқыл сүт өнімдерін жидектермен байытқан жөн. Ол үшін химиялық құрамы бойынша көптеген орман жидектерінен кем емес ежевиканы пайдаланылуы мүмкін. Оның жемістерінде А, В1, С, Е витаминдері, глюкоза, фруктоза, сахароза, пектин заттары, илеу заттары, фенол қосындылары, органикалық қышқылдар (алма, шарап, лимон, салицил) бар. Жапырақтары илеу заттарынан тұрады және оларды жасыл шай өндіруде пайдаланады. Тамаша дәм мен сыртқы сұлулықтан басқа, ежевикада пайдалы және емдік қасиеттерге ие.

Шырғанақ (облепиха) жидектері-биологиялық белсенді заттардың табиғи концентраты. Оларда барлық су және май еритін витаминдер бар. Шырғанақ құрамында 10-19 % құрғақ заттар, оның ішінде 7,3-11,3 % еритін заттар бар. Қанттың-2,5-3,6 % (сахароза, глюкоза, фруктоза). Шырғанақ жидектеріндегі пектинді заттар-0,3-1,2 %, піскенде пектин мөлшері айтарлықтай төмендейді. Шырғанақ жидектері азотты заттарға бай (0,3 % дейін). 100 г жидектерде шырғанақ 10 күндік С витаминінің дозасы (1,05 дейін), 5-6 күндік каротиннің дозасы (11 мг), Е витаминінің көп мөлшері-7-18 мг, Р-1 мг дейін, сондай - ақ В1 витамині-0,35 мг; В2-0,3; В6-0,79; РР және К-0,8-1,5 мг, фосфор - 12-17, темір - 6-14, сондай-ақ марганец, мырыш, алюминий, титан, кремний де кездеседі [12].

Шырғанақтың (облепиха) ең көп таралған түрі-шырғанақ крушин тәріздес. Бұл өсімдік Еуропа мен Азия мен Оңтүстік Сібірдің барлық аумағында жиі кездеседі. Көбінесе су қоймаларының жанында, құмды топырақта шырғанақ өседі.

Медицинаның әр түрлі бағыттарында, атап айтқанда: Тибеттік шырғанақ жемістері жүрек-қантамыр жүйесі ауруларын емдеу үшін қолданылады, интоксикация жағдайларында қолданылады, кейбір қан ауруларында көмектеседі.

Медицинада тек жемістер ғана емес, осы өсімдіктің қабығы да қолданылады. Шырғанақ қабығы онкологиялық ауруларды емдеу үшін кеңінен қолданылады. Жемістерде және осы өсімдіктің қабығында әртүрлі дәрумендердің өте үлкен кешені бар [13].

Шырғанақ жемістерінен өндірілетін май да кеңінен қолданылады. Өзінің емдік қасиеттерінің арқасында ол адамның ішкі және сыртқы ауруларын емдеуде кеңінен қолданылады.

Бастапқыда халықтық медициналық құрал ретінде пайда болған, шырғанақ бұрыннан ресми медицинада ең тиімді дәрі-дәрмектердің бірі ретінде танылған.

Адамзаттың басты мәселелерінің бірі-жүрек-тамыр жүйесі аурулары. Инсульт пен инфаркттың алдын алудың ең жақсы әдістерінің бірі - бұл барлық бұлшық еттің, соның ішінде жүрек жұмысының жақсаруына ықпал ететін шырғанақты жүйелі түрде қолдану. Бұл өсімдіктің жемістері С витаминінің (аскорбин қышқылы) үлкен пайызда болуымен ерекшеленеді [14].

Ересек адам үшін тәулігіне С витаминінің қажетті нормасы шамамен жетпіс-жүз елу мг. Кейбір жағдайларда ол бес жүз миллиграммға жетуі мүмкін. Тәулігіне елу-жүз грамм шырғанақ ағзадағы аскорбин қышқылының қажетті мөлшерін қамтамасыз етуге қабілетті.

Сонымен қатар С, Р дәрумені шырғанақ құрамында көп. С және Р витаминдері қан тамырларына жағымды әсерлерді тигізеді. Қан тамырларының икемділігін арттыра отырып, олар артериялық қысымның жоғарылауы, демек, қан құйылуы мүмкін болған жағдайда олардың үзілу қаупін азайтуға ықпал етеді.

Шырғанақтағы заттар, сондай-ақ қанның ұю процесіне қолайлы әсер етеді және тромбтардың пайда болу қаупін төмендетеді.

Ресей Федерациясының Омск агротехникалық университетінің басшылығымен сүтқышқылды өнімдерге түрлі өсімдік қоспаларын қосып тәжірибелік жұмыстары жүргізілген. Зерттеулердің нәтижесінде сүтқышқылды өнімдер тек байытылып қоймай, сондай-ақ дәмі мен түсіне оң консистенциялық қоспа беріп, жақсартылған болды. Өсімдік компоненттері ретінде жеміс-жидекті, көкөністерді, өсімдіктің өзгеде қоспаларын алған. Оның ішінде көкөністен сәбіз еzbесін, ал жеміс-жидектен шырғанақтың сиропын, өсімдіктерден шашыратқы алынған [15]. Өсімдік компоненті қосылған өнімдердің органолептикалық айырмашылықтары 4-кестеде көрсетілген.

4 Кесте – Өсімдік қоспасымен өндірілген сүтқышқылды өнімдердің органолептикалық көрсеткіші

Көрсеткіштері	Өсімдік қоспасы мен сипаттамасы		
	Сәбіз еzbесі	Шырғанақ сиропы	Шашыратқы сиропы
Консистенциясы	Біртекті желе тәріздес, нәзік	Желе тәріздес, нәзік	Біртекті, желе тәріздес
Дәмі мен иісі	Бөгде иіссіз, сәбіз дәмімен	Таза, бөгде иіссіз, жағымды шырғанақ дәмімен	Бөгде иіссіз, шашыратқы дәмімен сіңірілген
Түсі	Қоспа түсімен түстес		

Зерттеу кезінде сүтқышқылды өнімдерге өсімдік қоспаларын қосу кезінде өнімнің тек органолептикалық ерекшелігі ғана емес, сонымен қоса физика-

химиялық қасиеттері де зерттеліп, қоспаның қосудағы тиімді мөлшері анықталған.

Сәбіз еzbесінде – 10-15 %, шырғанақ сиропында – 10-5 %, шашыратқы сиропында – 3-5 % қосылған өсімдік қоспалары сүтқышқылды өнімнің физика–химиялық қасиетін арттырып, тиімді әсерін берген [16].

Қазіргі уақытта өсімдік қоспасымен жасалынған сүтқышқылды сусындар, яғни өнімдер көптеп кездеседі. Солардың қатарына аскөк пен қияр қосылған «Тан» сусыны, бәрімізге кеңінен танымал болып табылады.

Аскөк өсімдігі бұрыннан емдік бағытта танымал өсімдік, оның құрамындағы қасиеті арқылы көптеген ауруларға ем. Ал қияр болса ағза қажетті заттарды өз бойына жинақтаған өсімдік, яғни көкөніс. Қиярда В тобының дәрумендері, Д, С, фолий қышқылына және де т.б. микро-, макроэлементтерге құнды келеді. «Тан» сусынын осындай элементтер көмегімен байыту арқылы жаңа сүтқышқылды сапалы өнім түзілген. «Тан» сусынына өзге отандық өнім ретінде жеміс–жидек қосылған айранды жатқызамыз. Жемісті айран мемлекетіміздегі «Астана – Өнім» зауытының өнімі болып келеді [17]. Жемісті айран дайындау технологиясы айран секілді оның өзіндік бір айырмашылықтары бар. 5–кестенден сүтқышқылды сусын мен қарапайы айранның биологиялық құндылығының айырмашылығын көруге болады.

5 Кесте - Сусындардың тағамдық және энергетикалық құндылығы

Компонент атауы	Тағамдық құндылығы		Адам қажеттілігіндегі тәуліктік тағам құндылығы	
	Сүтқышқылды сусын	Айран	Сүтқышқылды сусын	Айран
Ақуыз	2,52	3,0	2,96	3,53
Көмірсулар	8,32	4,0	8,32	4,0
Майлар	2,8	3,2	2,75	3,14
Органикалық қышқылдар	0,95	1,0	48	50
Минералды заттар	0,14	0,15	0,7	7,5
Дәремендер:				
А	0,96	0,2	96	20
С	23,72	7,0	33,89	10
Энергетикалық құндылығы, ккал/100 гр	71,41	59,8		

Қазіргі уақытта бұл өнеркәсіп бағытында простокваша технологиясы бойынша ассортименттік түрде өндірісті жүргізеді. Простоквашалардың барлық түрлерін пастерленген сүттен өндіреді. Тек варенецті қайнатылған немесе залалсыздандырылған сүттен өндіреді. Сүтқышқылды ашу процесі үшін

простокаваша технологиясында түріне қарай ашытқыларды да жіктеп қарастырады [18].

Жалпы сүтқышқылды өнімдерді өндіру келесі технологиялық әдістер арқылы жүзеге асады:



1 Сурет – Сүтқышқылды сусындарды өндірудің технологиялық схемасы

Мечниковский, қарапайым, варенец простокавашасында қышқылдығы 80–110 Т аралығында болады.

Варенецті термостат немесе резервуарлы әдіспен өндіреді. Простокваша қоймалжыңының консистенциясы бұзылмаған газсыз, тығыз болып келеді. Өнімнің бетіне аз мөлшерде сарысудың бөлінуі жіберілмеуі қажет.

Простоквашалардың барлық түрлерін сүтқышқылды сусындарға арналған технологиялармен жүргізеді. Оларды өңдеуге арналған қоспаларды рецептура арқылы өңдейді. Нормаланған қоспаларды ашыту процесін қарапайым ұйытумен дайындайды. Механикалық қоспадан тазару, пастерлеу, гомогенизациялау және ұйыту температурасына дейін салқындату. Барлық режимдер жалпы кестеге сай жүреді. Жоғарыда айтылған процестер жүргеннен кейін араластырғышты іске қосып, периодты түрде араластырады. Себебі қосылған корица ұнтағы тұнбаға түсуін болдырмау қажет [19].

Қабатты простокваша өндірген кезде шынылы банканың түбіне ең бірінші джем немесе жеміс–жидек тосабын салып, үстіне ашытылған сүтті дозалайды. Қарапайым простоквашаға қоймалжыңның пайда болу ұзақтығы 6–7 сағат, дайын болған қоймалжындарды тоңазытқыш камераларына жібереді. Ары қарай тауарлық форма күйіне дейін өндіреді.

Сүтқышқылды сусындар қатарындағы өсімдік компоненті қосылатын кең танымал өнім әйгілі болып үлгерген «Снежок» сусыны. «Снежок» жалпы екі түрде өндіріледі, оның бірі тәтті, ал екіншісі жеміс–жидекті.

«Снежок» тәтті сусынының құрамындағы май үлесі 3,4–тен кем емес, сахароза 7–ден аз емес. Ал жеміс–жидекті сусындағы май үлесі 3–тен, сахароза үлесі 14,5–тен аз емес болып келеді. Тәтті және жеміс–жидекті «Снежоктың» қышқылдығы 80–110 Т аралығында болады.

Елеуіштен өткізілген қантты ыстық сүт мөлшерімен бірге ерітуді жүзеге асырады. Қант сиропын фильтрлегеннен кейін нормаланған қоспаға қосады. 40–45 °С температураға дейін салқындатылған пастерленген қоспаға термофильді сүтқышқылды стрептокок пен болгар таяқшасынан дайындалған ашытқыны енгізеді. 3 сағаттан кейін қоймалжың дайындалып, соңғы ұйытуда қышқылдық мөлшері 80 Т–ге дейін жетеді. Ұйытылған сүтті тез арада суытып, арнайы ыдыстарға құяды [20].

Сүт қоспасына жеміс–жидек қосылғыштарын қосқан кезде сүттің ұйыту кезіндегі микробиологиялық процес бұзылуы мүмкін. Бұдан өзге қосылған сироптар ұйыту процесі кезінде өнімнің дәмі мен түсін өзгертеді. Осыған байланысты сироптарды дайын сүт қоймалжындарына дейін арнайы ыдыстарға енгізіледі.

Сыйымдылықтағы араластырылған және салқындатылған тәтті қоймалжыңға сиропты енгізеді, температурасы 20–25 °С. Араластыруды сироп біркелкі болуына дейін жүргізу қажет. Араластыруда артықтық қоймалжыңның ыдырауына әкеп соғуы мүмкін, сондықтанда араластырғыш сыйымдылыққа арнайы қосылғыштар енгеннен кейін 25 минуттан соң іске қосылады, ары қарай өнім құйылуға жіберіледі. Бір ыдысқа Снежок жеміс–жидекті өнімінің бірнеше түрлерін қосуға болады, бұл өз ретінде ерекше дәм мен иіс береді.

Жеміс–жидекті сироп көмегімен тек қана «Снежок» сусыны емес, сонымен қатар айран, йогурт, сүзбе өндіруде жүзеге асады.

Экологиялық ластану, радиоактивдік аймақтардың көбеюі және адам иммунитетінің төмендеуіне байланысты заманауи технологиялар мен ғылымның дамуы нәтижесінде күрделі мәселелер шешімін табуда. Жаңа сапалы, таза, биологиялық белсенді заттармен байытылған өнімдерді шығару аса маңызды.

Еліміздің дәстүрлі сүтқышқылды өнімдері бойынша жаңартылған технологиялар көмегімен өсімдік компоненттерімен өңделген өнімдердің толықтай зерттелмеуі мен қарастырылмағандығы сүтқышқылды шаруашылықтағы бір кемшіліктердің бірі болып отыр десе де болады. Егерде қымыз бен шұбат, өзге де сүт өнімдері негізінде өсімдік компоненттерін қосу арқылы денсаулыққа байланысты мәселелерді шешудегі таптырмас өнім болып есептеулері анық.

